



Қазақстан 2050

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 4-15 сәуір, 2016 жыл

3 мамыр дүниежүзілік баспасөз еркіндігі күні мен
Халықаралық мәдениеттер тоғысының онжылдығы (2013-2022 ж.ж.) аясында
«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТЫНДА (ТДМ)
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУ МОДЕЛЬДЕРІ» атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 8 сәуір, 2016 жыл

III МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-15 апреля 2016 года

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЖУРНАЛИСТИКЕ
В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ (ЦУР)»
в рамках празднования всемирного дня свободы прессы 3 мая и
Международного десятилетия сближения культур (2013-2022 г.г.)

Алматы, Казахстан, 8 апреля 2016 года

III INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 4-15 April, 2016

MATERIALS

of the International Scientific and Practical Conference
‘MODEL OF EDUCATING INTERNATIONAL JOURNALISM
FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS’
within the framework the celebration of World Press Freedom Day on 3 May and the
International Decade of Rapprochement of Cultures from 2013 to 2022

Almaty, Kazakhstan, 8 April, 2016

Алматы, 2016

вные параметры развития современного Казахстана определяются Главой государства в его Посланиях народу Казахстана, в которых раскрываются конкретные задачи, пути их решения на ближайший год, и общая стратегическая линия [4].

Информационно-аналитическое, организационное и методическое обеспечение воспитательной

поддержка и развитие органов студенческого самоуправления (студенческие советы, студенческие деканаты, комитеты по делам молодежи, студенческие омбудсмены, студенческие клубные организации).

Организация и проведение обучающих семинаров для кураторов академических групп по применению психолого-педагогического подхода к изучению личности студента с приглашением приглашенных психологов; для студентов-активистов по развитию студенческого самоуправления, гражданской ответственности; собраний для студентов, проживающих в студенческих общежитиях с участием руководства вуза.

Разработка и издание методических пособий по воспитательной работе

создание социальной службы – ресурсного центра для молодежи, организация деятельности консультативной службы, включающей в себя услуги социальных работников, педагогов, психологов, юристов и т.д.

Организация мероприятий по гражданско-патриотическому и правовому воспитанию.

Организация встреч, лекций, круглых столов по разъяснению Послания Президента народу Казахстана среди студентов с участием руководителей ВУЗов и работников государственных органов.

Проведение мероприятий, направленных на формирование антикоррупционной культуры у студентов, сотрудников и ППС («Чистая сессия», «Преподаватель глазами студентов»).

Проведение мероприятий, направленных на разъяснение социально-политической, экономической и государственной политики в сфере молодежной политики (Закона РК о Лидере нации, круглый стол по актуальным вопросам гражданского воспитания, конференция с участием представителей политических партии в укреплении национального единства).

Организация и проведение культурно-массовых мероприятий, приуроченных к 20-летию независимости (выставки, конференции, конкурсы со студентами, с молодыми преподавателями, аспирантами и аспирантами; публикация статей ректоров и проректоров в республиканских и зарубежных СМИ; фестиваль молодежи среди студентов разных национальностей).

Таким образом, можно сделать вывод, что в последние два года идея претерпела определенные изменения, как в содержательном и символическом, так и субъектном отношении. Проводником идеи является самблея народа Казахстана. В какой мере эта организация справится с поставленной задачей остается открытым. Однако, возможно, именно в связи с данной темой, и особенно в свете задачи формирования ценностей Мәңгілік Ел в действующие учебные программы школьного образования, как и ранее требуется активное задействование, прежде всего, общественных механизмов. Таким образом, можно сделать вывод, что такого рода ответственное и непростое решение должно быть тщательно продумано и взвешено, чтобы не получить негативные эффекты, которые могут в итоге свести всю важность выдвигаемой инициативы.

Список использованных источников:

Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта//Алматы: «Дайк-пресс», 2006, с.185-189

Газета «Казахстанская правда», 28 апреля, 10 июля, 6 сентября 2012

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Наш путь 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее»//Официальный сайт Президента Казахстана [/akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-pre...](http://akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-pre...)

Геллнер Э. Нации и национализм. М., 1991. – с.130-131.

Нұржанова Ш.С., Садуақасов А.А.

*ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және
коғамдық медиа кафедрасының аға оқытушылары*

ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ ИМИДЖІ

Жұлдыздар әрқашан басқалардың назарын аударып келеді. Телевизиялық арналардың бүгінгі диктерінің арқасында қазіргі күні кез келген жұлдыздардан супержұлдыздар жасап шықты.

Өткен кезеңдерде де бұқаралық санаға ықпал жасаудың бұл модельдері танымал болатын. Бір түйткіл, шіркін-ай, осы жауһарлардың арасында қазақтың дарқан, жазира даласының бейнесі болған халық әндері, Біржан сал мен Ақан серілердің әндерінің орны ерекше. Сонау өткен ғасырларда бүкіл қазақ даласында ерекше дауыстарымен ән салған дала бұлбұлдары ата-әнішіден дауысының кереметтігі бүгінгі күнге дейін өшкен жоқ. Иә, қазіргі қазақ эстрадасы ешкімге ұқсамайтын өз бет-бейнесі, өз репертуарында имиджін қалыптастырған жұлдыздар жетекшілік Коммуникация, яғни қарым-қатынастың өркендеп, технологияның адам өміріндегі маңызы күннен күнге еселеп артуы, ағымдағы ақпараттарды қабылдаудың арасында «имидж» ұғымы кең қолданып келеді. Бұл күндері әнші болсын, саясаткер болсын міндетті түрде имиджмейкер қызм пайдаланды, әрі өзі өзіне имиджін қалыптастыру үшін жол іздейді. Ол өзінің қабілеті мен пай парасатына қарай қабылдаған ақпаратымен өзін тұлға ретінде қалыптастырады. Қазіргі таңда қоғамда индивидтің объективпен қарым-қатынасында тиімді нәтижеге қол жеткізудің кілттерінің дұрыс имидж қалыптастыра білу.

Теледидар арнасы үшін ерекше мұратты тұлға болып поп-жұлдыз, актер болып табылаты ескерсек, ал саясаткерлер өздерін тамашалауын арттыру үшін олардың мінез-құлықтары элементтерін қайталауға тырысса, «жұлдызды» өмірмен жақынырақ келіп танысайық. Біздің жағд дамудың посткеңестің кезеңіндегі бірқатар елдердегідей, жұлдыздардың шынайы қызметінің баст дәрежесінде тұрмыз. Ал өлі өнер шеберлері арасында «поп-музыка королі» Майкл Джексон озатыны жоқ. Forbes-тің болдамы бойынша, өлгендердің арасында ең бай музыкант болып табыл оның таысы тіпті тірі әріптестерінен де әлдеқайда асып кеткен. Әншінің мұрагерлері жыл ішінде (тымен 160 млн. доллар ақша тауыпты.

Жұлдыздарды нақты адамдар жасайды, не болмаса, құрастырудың саналы процесі: поп-жұлдыз Мадонна, поп-жұлдыз Леди Гага, рок-музыкант Джон Бон Джови, Биглз, Марлен Дитрих, Рудольф Валентинолардың ар жағында нақты имиджмейкерлер тұрғаны анық.

Ресейлік ғалымдар, жұлдыз – бұл бейнені жасаудық қарбалас процесі. Және оған деп аударыл назарды тұрақты қолдау. Процестік сипат тіпті поп-мәдениет семиотикасының мәнінде көрі тапқан. Бұл кез келген контексте оқылатын принципті тұрғыда тәмамдалмаған және амбивалент мәтін. Поп-мәдениетке қайталаным мен сериалдылығы өте маңызды болса, осы *процестілі* нәтижесі болып табылады – деп есептейді.

Процестіліктің болжамды нұсқаларының бірі – өзіне жақтастар санының көбейе түсуіне та мүмкіндік беретін имидж нұсқаларының құбылуы, икемділігі болады. Жеңіс – қозғалыста, а имидждің өзгеруінен құрылуы мүмкін.

Процестілік рәміздік ақиқаттың тағы бір жағын көрсетеді – егер биік мәдениет туынд тәмамдалып, өзімен-өзі болып өмір сүрсе, поп-мәдениеттің туындылары өздерінің жүйесізді салдарынан аудиторияның ұдайы қосылуын күшті дәрежеде қажет етеді. Олар өз аудиториясы және уақыт ішінде өзінің сәтінен тыс өмір сүре алмайды, сондықтан ғасырлар арқылы әлсіз бері олар уақыт ішіндегі өздерінің сәті мен өздерінің аудиторияларына нақты байланады. Бірақ, (жағынан алсақ, олар өз аудиториясының мүдделерін нақты көрсетеді.

«Жұлдыз» сөзінің өзіне сүйенсек, поп-жұлдыздардың рәмізділігі күнделіктілік заңд бұзушылыққа негіздеп құрылуы керек. Олар өздеріне өзге әлемнің – карнавал мен шатты «жылтырақтарын» өздеріне қабылдайды. Поп-әлемге кезіккенде, оның «өзгелігін» атап көр жұлдыздар өзге есім алады, өйткені, үйреншікті аты-жөні жаңа контексте жұмыс істемейді. Осыл монахтар да, пендешіліктен қол үзгенде, жаңа есім алған.

Бұл өзге әлемге кірер орын, ол үшін есімін, өмірбаянын, жеке басының ерекше ықыласт ауыстырып, төлем жасайды. Осы жаңа әлемді құру, оны рәміздеуді іске асыру жолында жа асатын сәйкес кейбір параметрлерлерді қарастырайық. Олардың кейбірін ғана атап шығайық:

Бірінші ерекшелігі – бұл көрерменнің өзінің қажеттіктеріне принципті тұрғыдан бағытталуы күтіп, нені көргісі келетінінде. Саясаткерлерді сырттан түсіну қажет болғанда, бірінші кезекте үйренеді.

Көрермендеріне балама процестерді нақты тұта отырып, эстрада жұлдыздары өз имиджінің ау процестерін өткереді.

Екінші ерекшелігі – бұл артық ақпараттың жоқтығы (өшірілуі). Жұлдыздар өзінің жеке басының туралы, тапқан табысы туралы әңгімелерден қашуға тырысады. Біздің де саяси көсемдеріміз, ол бейнесінде жеке басының өмірі туралы ешқандай еске салу, бірде-бір артық сызат тіптен болған жоқ. М өшірілу оларды аспандатуға мүмкіндік берді, және поп-мәдениеттегі талап бойынша, бос орынд әрқайсысы өздерімен толтырылды. Осы ақпараттық темір қабырғаны бірінші болып бұзған бұрынғы одағының бірінші хатшысы Михаил Горбачев болды, кейіннен бірінші болып өзінің орнынан айрылуы, Қ

Республикасының алғашқы президенті Асқар Ақаевтың өз орнынан айрылуы осыған ұқсас. Бүгінде саясат пен бизнестің кейбір жұлдыздары өздерінің өзіне деген назарын жасыруға тырысады.

Үшінші ерекшелігі – екіншісінің есебінен іске асырылатын, бұл – енгізілетін ақпараттың ашықтығы. Әдеттегі өмірге қарсы қойылған жүйе туралы әңгіме қозғалса, алға тартылатын хабарламалардың жиынтығында ойын-сауық тәсілімен көрінісін табуы қажет. Егер, мәселен, КСРО-да «секс жоқ» болса, онда тап осы аспектіні сұхбаттар мен жұлдыздардың мінез-құлқында томпайтып көрсетеді.

Әдетте, поп-жұлдыздың шынайы өмірі туралы сөз болып отырған жоқ, көпшілікке ықпал жасау мақсатында мейлінше ұтымды болатын, басқаша айтсақ, оның өмірінің белгілік элементі туралы әңгіме болып отыр. Осы орайда «Жұлдыздар отбасы» журналыныңда уақытында басылып шығып, талай жұлдыздар өмірі туралы бере отырып имидж қалыптастыруда үлкен рол атқарып келеді.

Төртінші ерекшелігі – өсек, дау-дамай түріндегі дәстүрлі емес коммуникацияларды пайдалану. Поп-мәдениеттің процестілік сипаты оның өмірін қолдауға арналған тоқтаусыз қозғалысты талап етеді. Осындайда өсектер мен дау-жанжалдар жақсы күш-қуат береді. Әсіресе, осыған мысал ретінде Ресей әншісі Алла Пугачеваны, ал Қазақстанда Қайрат Нұртасты алуға болады. Әрбір поп әнші, сондай-ақ, қоғамдық және оның ерекше келбеті есте сақтау керек. Қайрат Нұртастың "кейбір" әндерін тыңдасам да, бірақ сахнада өзін ұстамауы ұнамайтын. әркімнің өз пікірі болады ғой, киносы шыққалы жатыр деп естігенімде, өзіне жарнама жасалатын кино екенін сезіп едім. атағың шықпаса жер өртенің түрі сияқты, бірақ ән айтып жүргенінде біршама атағы мен салмағы бар еді... Кино шығарғаны бекер болған екен. Осы фильмнен кейін көрермендер арасында біраз қарсы пікірлерде болды.

Қолдан жасалатын оқиғалар тек жанжал мен оны теріске шығару арасында ғана мәні бар. Бұл сыртқа шығуға ешқандай тұспалы жоқ, өзін-өзі тұйықтаған оқиға, бірақ тек ол ғана поп-мәдениеттің қажеттіктерін толығымен қанағаттандырады. Бұл жерде «рұқсат берілген/тыйым салынған» нормалары тұрақты ауысып отырады. Тағыда сол Қайрат Нұртастың «Плазма» сауда орталығындағы концерттен кейінгі жанжал, жағымсыз имидж қалыптастырғаны анық, бірақ Қайрат дер кезінде үн қата білді.

Өзіне назар аудартуға мәжбүр болған жұлдыз тұлғасы, рұқсат етілгеннің шегін ысырып тастап, осы шекараны пайдалануы қажет.

Бесінші ерекшелігі – оқиғаның сырт бейнесі мен сыртқы жағына аударылған назардың күшеюі. Тап осындай сыртқы бейнеге назар саясаткерлерге де сипатты. Танымал отандық әнші Қарақат имиджін өзгертті. Әншінің сырт келбетіндегі өзгерісті өнерсүйерқауым оның инстаграмынан байқады.

Алтыншы ерекшелігі – актер жұмысының сәттілігі басым дәрежеде оның басқа салаларға кіріспеуінде. Бүгін саясаткерлер өз партияларына белсенді түрде актерлерді қызметке тартуда, бірақ, бұл актерден гөрі саясаткерге көмектеседі.

«Басқа азия елдерінің кино туындыларынан қарағанда корейаның фильмдері адамдар өмірі мен эмоциясын дәл дөп тигізіп ашады, олар сондай-ақ осы уақытқа дейін американдықтар көз жеткізе алмаған корей мәдениетін ерекшелікпен көрсетеді" деп жазылған американдық журналда. Ал корей поп-музыкасына келетін болсақ, бұл отандық және батыстық білікті мамандарының әуен, ырғақ және орындаушылардың келбет үйлесімдігін табуында. Корейлық өнер жұлдыздары басынан аяғына дейін, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, жымығаны, көзін қысқанына дейін үлкен жұмыс істейді. Мінсіз жұлдыз имиджін қалыптастыру үшін аянбай тер төгеді. Жұлдыздың өзі, продюсері, шенеуніктер де корей мәдениетінің дамуына, әлемге тарауына жұмыс жасайды. «Басқа азия елдерінің кино туындыларынан қарағанда корейаның фильмдері адамдар өмірі мен эмоциясын дәл дөп тигізіп ашады, олар сондай-ақ осы уақытқа дейін американдықтар көз жеткізе алмаған корей мәдениетін ерекшелікпен көрсетеді" деп жазылған американдық журналда. Ал корей поп-музыкасына келетін болсақ, бұл отандық және батыстық білікті мамандарының әуен, ырғақ және орындаушылардың келбет үйлесімдігін табуында. Корейлық өнер жұлдыздары басынан аяғына дейін, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, жымығаны, көзін қысқанына дейін үлкен жұмыс істейді. Мінсіз жұлдыз имиджін қалыптастыру үшін аянбай тер төгеді. Жұлдыздың өзі, продюсері, шенеуніктер де корей мәдениетінің дамуына, әлемге тарауына жұмыс жасайды. Бізде де әрбір жұлдыз солай жұмыс жасаса, қазақ мәдениетін әлемге паш етер еді.

Жетінші ерекшелігі – аудиторияның басымшылығын тарту тұрғысынан қарағанда, әркімді рәміздікті іріктеу. Тұтас алғанда, жұлдызды жасау – тек мамандар ғана айналысатын ұзақ мерзімді және қымбат процесс. Басқаша айтсақ, сосын бір күні қайтып оралатын, нақты ақшалай қаражаттардың салымы.

Жұлдызды жасау жағдайында нақты рәміздің (нақты сыртқы бейнесі, құштарлығы және т.б.) туындауы жүзеге асады. Бүгінгі поп-жұлдыздар екі модель шеңберінде қозғалуда: періште және катерлі әйел, вампир-әйел.

Жалпы қорыта айтатын болсақ, жұлдыздар имидж қалыптастыруда өзімен жұмыс жасау керек.

Жұмабаева А.К.,

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы

Жұртбай Н.Т.

PhD, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы

ИНТЕРНЕТТЕГІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК: ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІК АСПЕКТІЛЕР

Әлемдік иронестерге қоз жүгіртсек, масс-медиа қарқынды дамып, жаһандық ақпарат ағыны толассыз жүріп жатыр. Бұл процесс тоқтауы мүмкін емес. Ал, ең бастысы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі осы әлемдік ақпарат ағынының бір бөлігі, ғаламдық интернеттің секторы. Сондықтан, оның бүгінгі аяқ алысын бағамдап, ұлттық және этникалық аспектілердің даму бағытын айқындап, концепция жасау күн тәртібінен туындап отырған қажеттілік. Осы орайда, әлеуметтік медиа арқылы танымал болып жүрген белгілі саясаттанушы Айдос Сарым ақпараттық кеңістікті қорғау және жат пиғылда қолданудан сақтану керектігін және ақпараттық кеңістік қорғау керектігін айтады: «Ақпарат – идеялар ағыны. Ал, біздің елге жат пиғылдағы идеяларға тек иммунитетті идеямен ғана тойтарыс беруге болады. Және бір күннің шаруасы емес. Бір ақпаратты теріске шығару үшін кейде ондаған жылдар қажет болады», – деді. Тәуелсіздік жылдары биліктің басты назарында экономика мен саясат болып, басқа қоғамдық мәселелердің екінші орынға ысырылғаны белгілі. Әрине, осы ұстанымның жемісті болғаны рас, еліміз дамудың тұрақты жолына түсті, мақсаты мен бағыты айқын мемлекеттердің біріне айналды. Алайда, бұл ұстаным қоғамдық қатынастардағы кейбір мәселелердің бұйдасын бос жіберіп алған секілді. Мәселен, ақпараттық саладағы кейбір кемшіліктер бет бақтырмай барады. Елдегі шетелдік ақпараттың еркін ағыны және оның салдары қоғамдық санаға кері әсер етуі, елдегі қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттық дискурстың арасында идеялық бірліктің болмауы, осы олқылықтарды экстремистер мен сеператистердің өз мақсаттарына пайдалануға ұмтылуы т.т.с. Сондықтан, бүгінгі таңда ғаламтордағы және әлеуметтік медиадағы қауіпсіздік мәселесі күн тәртібіне шығып отыр. Мемлекеттің кішкентай ұлты бола отырып, ақпараттық кеңістігімізді өз қолымызға алып, етек-жеңін жиып, ұлт пен елдік мүдде үшін қызмет етуді міндеттейтін уақыт жетті. Оның үстіне, ақпараттық саланы бос ұстамау керектігін көрші елдердегі саяси ахуал да дәлелдей түсті.

Бүгінгі таңда елімізде 252 электрондық БАҚ, 146 телерадио компаниясы, 88 телекомпания, 58 радиоккомпания, 98 кабелді оператор, 1364 газет, 522 журнал, 64 ақпараттық агенттік жұмыс істейді. Бұл БАҚ-тың барлығында дерлік веб-нұсқа, сайт және порталдары, әлеуметтік желілердегі парақшалары белсенді түрде жұмыс істейді. Қазақстандағы барлық бұқаралық ақпарат құралдары 2016 жылдың соңына дейін интернетке көшіріледі. Алайда, профессор Кәкен Қамзиннің пікірінше, бұл асығыс қадам: «Қазір электронды басылым жасау мәселесі көтеріліп жатыр. Меніңше, бұл асығыс жасалып жатқан шара. Мұндай ақпараттық кеңістіктегі қадамды біздің географиялық жағдайымыз көтермейді. Халықтың сауаты да оған жете бермейді. Қағаз басылымды құрту деген сөз ақпараттық қауіпсіздіктегі ең қатерлі нәрсе. Яғни, біз жарты оқырманды сауатсыз қалдырайын деп отырмыз. Өйткені, бұл процеске біздің орта жастан жоғары аудитория дайын емес, жастар дайын болғанымен санасы қалыптаспаған. Сондықтан, мемлекет басылымдарды электронды нұсқаға айналдыруға келгенде өте сақтықпен, сапалылықпен қарауы керек сияқты. Бұл тұста эволюциялық даму қажет, асығыстық болмауы тиіс». Алайда, ғаламтор уақыт күттірмейтін құбылысқа айналып отыр. Қоғамның ақпараттық тұрғыда қамтамасыз етуші және байланыс тегігіне айналғаннан кейін қоғам өмірін ғаламторсыз елестете алмаймыз. Сондықтан, ғаламторды қалай да өз ұлт және мемлекеттік мүддемізге сай қалыптастырып аламыз деген мәселеге көбірек ойлану керек.

Бүгінгі қоғамның «көзі, құлағы һәм тіліне» айналып отырған ғаламтор мен әлеуметтік медиа ұлттық бірегейлік мәселесінде де аса белсенді ақпараттық құрал болумен маңыздылығы күннен күнге артуда. Соңғы жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, интернет және әлеуметтік медиа арқылы қоғамды арнайы бір іске жұмылдыруға немесе қарсы қоюға болады. Бұл ақпараттық